

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	Силлабус	044-73/11-57 16 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖББП 02

Пәні: «Қазақстан тарихы»

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

Оқу сағатының кредиттің /көлемі: 96/4

Теория: 96 с.

Курсы: 1

Семестр: 1

Бақылау түрі: емтихан

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 2 беті


«Қазақстан тарихы» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Е.А.Сейдалы

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
 Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
 Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
 Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»


«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев


«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С.Рахманова

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-57
Силлабус		16 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәліметтер:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Сатаев А.Т	Педагогика ғылым магистрі	кафедра меңгерушісі	Қазақстан тарихы, саясаттану, әлеуметтану	aman-aman1976@mail.ru
2	Темірбекова А.Қ	Педагогика ғылымының магистрі	оқытушы	Қазақстан тарихы, философия және мәдениеттану	aigul. aaigul.1@mail.ru
3	Сейдалы Е.А		оқытушы	Қазақстан тарихы	Erbolseidaly01@gmail.com

3.1 Кіріспе

Бұл бағдарлама Қазақстан тарихын оқып-үйрену кезінде алған білім негізінде білім алушылардың бойында тарихи сананы қалыптастыруға арналған. «Қазақстан тарихы» пәнінің көпфункционалдығы мен маңыздылығы оның қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы, халықтың өзін-өзі тануындағы, жаңа мыңжылдықтағы интеллектуалды серпіліс қажеттілігімен байланысты міндеттерді жүзеге асырудағы орасан зор рөліне байланысты. Мақсаттарды ойдағыдай жүзеге асыру үшін қазақстандық қоғамда рухани-идеологиялық өзек болуы керек.

Қазақстан тарихы - бүкіл адамзат тарихының бөлігі, ол дүниежүзілік тарих, Еуразия және Орталық Азия елдерінің тарихына органикалық түрде тоғысады. Қазақстан тарихы - XX ғасырда бүгінгі күнге дейінгі Ұлы Дала аумағында болған тарихи заңдылықтарды ашатын тарихи оқиғалар, құбылыстар, фактілер, процестер зерттелетін кезең.

3.2. Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Білім алушы ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді.

3.3. Пәннің мақсаты:

Қазақстан тарихы курсының пәні, мақсаты мен міндеттері. «Қазақстан тарихы» оқу пәнін қазіргі тұрғыдан түсіну. Тарих, тұлға, мемлекет. Тарих және өркениет. Отан тарихының құрылымдары мен қағидалары. Қазақстан тарихы дүниежүзі тарихының контекстінде. Ұлттық тарихтың приоритеттері. «ҚР тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995ж.)

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57	
Силлабус	16 беттің 4 беті	

Қазақстан тарихын дәуірлерге бөлу. Қазақстан тарихын зерттеудің негізгі әдістері. Отан тарихын зерттеуге жаңа тұжырымдамалық тұрғыдан қарау.

«Қазақстан тарихы» пәнінің деректері мен әдебиеттері. Отан тарихының мәселелері маңызының арта түсуі болып табылады.

3.4. Оқытудың міндеттері:

- Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігі мен ұлттық қауіпсіздігін қалыптастыратын стратегиялық міндеттерге бағытталған тарихи білімнің теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастыру;
- полиэтникалық және поликонфессионалды қазақстандық қоғамды біріктірудің идеологиялық және рухани негіздерін қалыптастыру;
- дүниежүзілік тарих, Шығыс және Батыс мәдениеттерінің диалогы ауқымындағы бүгінгі
- Қазақстан тарихының қайталанбас ерекшелігі мен маңыздылығын анықтайтын ғылыми қағидаларын ашу;
- қазақ халқының этногенезі мәселесін, Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениеттер түрлері эволюциясын, аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар жиынтығын, тарихтың сабақтары мен заңдарын тұтастай және объективті түрде қарастыруды көздеген қазіргі Отан тарихының ғылыми-негізді тұжырымдамасын жасау;
- жеделдетілген модернизация мен республиканың экономикалық және идеялық-мәдени жетістіктерге қол жеткізген даму моделін шынайы ғылыми тарихи білім мазмұнымен толықтыру.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Білу және түсіну:

- Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күндерге дейінгі және қазақ халқының қалыптасуы мен дамуының негізгі оқиғалары туралы білімін көрсетеді.
- Тарих заңдылықтары мен сабақтарының негізгі тарихи фактілері мен даталарының хронологиялық реттілігі туралы білімін көрсетеді.
- Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениеті туралы білімін көрсетеді.
- баяндама, эссе, презентациялар дайындауда тестік және тренингтік тапсырмаларда білімін көрсетеді;
- ақпараттық технологиялар көмегімен (аудио - бейнежазба, электронды почта, БАҚ, интернет) қажетті ақпаратты іріктеу және талдау, өз бетінше іздеу ептілігін көрсетеді;
- ҚР Конституциясындағы (1 тарау, 1-9 баптар) «Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы кодексі», «Қазақстан мәдени мұрасы» бағдарламасының негізгі бағыттары және т.б. туралы білімін көрсетеді;
- отан тарихының проблемаларын аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсетеді (тақырыбы тандау бойынша). Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсетеді.

3.6. Реквизитке дейінгі: Дүниежүзілік тарихы, құқық негіздері, география.

3.7. Реквизиттен кейінгі: Философия, әлеуметтану және саясаттану, экономикалық теория негіздері, мәдениеттану.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны

Кіріспе.

Қазақстан тас дәуірінде. Қола дәуіріндегі Қазақстан. Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан аумағындағы ертедегі мемлекеттер. Б.з.б. III-I ғ. ғұн тайпалары. Қазақстан аумағындағы VI-XV ғасырлардағы мемлекеттер. Көне түркілер, Түрік қағанаты. Түркеш, қарлұқ, оғыз, кимақ қағанаттары. Қарахан мемлекеті. Қарақытайлар. Наймандар, керейлер, қыпшақтар. Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде. XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер. Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы. Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы. Қазақ хандары. Қазақ хандығының саяси

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	Силлабус	044-73/11-57 16 беттің 5 беті

элеуметтік құрылымы. Қазақ жеріндегі көшпелілер өркениеті Көшпелілер өркениетін зерттеу. Көшпелілер мәдениеті. Қазақ даласының даналары. Ресей империясының құрамында. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. Қазақстанның Ресейге бодандыққа өтуі. XIX ғасырлардағы Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. Ресей патшасының Қазақстанда жүргізген көші-қон саясаты. Қазақ халқының Ресейдің отарлық үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық күрестері. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы басшылығымен болған көтерілісі. (1783-1797ж). Саржан Қасымұлы және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақстандағы XX ғасыр басындағы саяси экономикалық жағдай. Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы саяси экономикалық жағдайдың Қазақстанға әсері. 1917 ж. төңкерістер. Кеңес үкіметінің орнауы. Қазақстан өлкесіндегі XX ғасыр басындағы саяси партиялар.

Қазақстан өлкесіндегі ұлттық автономиялар. Шетелдік интервенция және азамат соғысы кезіндегі қазақ өлкесі. Қазақ АКСР-нің құрылуы. Әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы. Қазақстан өнеркәсібінің дамытудың жаңа кезеңі. Индустрияландыру бағыты. Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік - Голощекиндік үлгісі. 1920-1930 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстар. КСРО кезіндегі Қазақстандағы Коммунистік партия қызметі: саяси қуғын- сүргін және халықтар депортациясы. XX ғасырдағы саяси қуғын - кезеңдері. Қазақстанға басқа халықтарды депортациялау. Қазақстан Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезеңінде. Қазақстан - майдан арсеналы. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында. Бейбіт құрылысқа көшу. XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстан. XX ғасырдың 50-80 жылдарындағы толқулар және көтерілістері. 1986 жылғы Аламаты қаласындағы Желтоқсан көтерілісі. Қазақ диаспорасы. Диаспора, ирредента ұғымдары. Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның саяси жүйесіндегі өзгерістер. Қазақстан Республикасының Конституциясы – саяси элеуметтік тұрақтылықтың негізі. Қазақстан және дүниежүзілік қауымдастық. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Тәуелсіз Қазақстанның білім, ғылым және мәдениеті.

3.9. Пәннің тақырыптық жоспары мен мазмұны

№	Тараулар мен тақырыптардың аталуы	Мазмұны	Сағ саны
1	Кіріспе. Тарих ғылым және пән ретінде. Алғашқы қауымдық құрылыс және тас дәуіріндегі Қазақстан.	Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуір. Адамның пайда болуы және оның даму эволюциясы. Археологиялық және антропологиялық дәуірлер. Палеолит дәуіріне сипаттама. Тас ғасырының хронологиялық кезеңдері. Палеолит және мезолит дәуірлеріндегі шаруашылық, мәдениет және тұрмыс - тіршілік.	2
2	Қола дәуіріндегі Қазақстан.	Қола дәуіріне сипаттама. Андронов мәдениеті (жалпы сипаттамасы және оның кезеңдері). Орталық Қазақстан - ертедегі металлургия орталығы. Қола дәуіріндегі Шығыс, Солтүстік, Батыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу, Беғазы-Дәндібай мәдениеті өндірістік шаруашылықтың дамуы, мал шаруашылығы мен егіншілік.	3
3	Темір дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан	Темір дәуірінің ерекшеліктері. Жазба деректердегі ежелгі Қазақстан тарихы: тайпа одақтары мен ежелгі мемлекеттік бірлестіктер. Қазақстандағы ерте темір	2

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 6 беті

	аумағындағы ежелгі мемлекеттер.	дәуіріндегі сақ тайпалары (хаомаварга, тиграхауда, парадарайя, аримаспылар және т.б), сармат тайпалары. Шаруашылық түрлері, ертедегі металл өндірісі, зергерлік өнер, қыш өндірісі. Әлеуметтік құрылымы және идеологиясы. Скиф ұштағаны (триадасы). «Аң стилі».	
4	Көне түркілер. Түрік қағанаттары. Түркеш, Қарлұқ. Оғыз, Қимақ қағанаттары.	Көне түркілер, түрік қағанаты (құрылуы, дамуы, ыдырауы). Батыс және Шығыс түрік қағанаттары.	3
5	Қарахан мемлекеті. Қаракытайлар. Қыпшақ мемлекеті, Наймандар, Керейлер.	Мемлекеттердің саяси тарихы, этникалық құрамы, мемлекеттік құрылысы және шаруашылығы. Экономикалық, сауда, мәдени байланыстары.	2
6	Көшпелі рухани мәдениет. Қазақ даласының даналары.	Көшпелі және отырықшы мәдениеттің өзара байланысы. Қала - дала байланыстары. Қалалар-көшпелі және отырықшы өркениеттерді жалғастыратын, жақындастыратын көпір. Жібек жолы - ынтымақтастық жолы. Қазақстан аумағында ислам дінінің таралуы.	3
7	Қазақстан даласы Монғол шапқыншылығы дәуірінде.	Моңғолдардың Қазақстанға басып кіруі, жаулап алуы. Отырардың күйреуі. Ұлыстық жүйе. Моңғол шапқыншылығының зардаптары.	2
8	Қазақстан Алтын Орда құрамында.	Жошы. Қыпшақ ұлысы державасы (Алтын Орда) Қазақстан Алтын Орда құрамында. Аумағы және рулық құрамы, ішкі және сыртқы саяси тарихы.	3
9	XIV-XV ғғ. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.	Ақ Орда. Ноғай Ордасы (Маңғыт жұрты). Моғолстан. Көшпелі өзбектер мемлекеті (Әбілхайыр хандығы). Дешті – Қыпшақ. Мемлекеттердің саяси тарихы, әлеуметтік құрылысы, шаруашылығы.	2
10	Қазақ халқының қалыптасу тарихы. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы.	Қазақ халқының қалыптасу тарихы. «Этнос», «этногенез» ұғымдарының мазмұны. Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақ жүздері, ру-тайпалық құрамы. «Қазақ» этнонимі. Тарихи деректер. Қазақ халқының антропологиялық және тілдік сипаты.	3
11	Қазақ хандары хронологиясы.	Қазақ хандығының нығаюы. Қасым хан саясаты. Хақназар хан – қазақ - қырғыз ханы. Есім ханның ескі жолы. Тәуке ханның саясаты.	2
12	Қазақ хандығының саяси - әлеуметтік құрылымы.	Хандықтың мемлекеттік басқару жүйесі, хандық билік, әлеуметтік құрылым, «ақсүйек» және «қарасүйек» институттары. Салықтар мен міндеткерліктердің түрлері, әдеп құқығы және «Жеті	3

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 7 беті

		жарғы». Қазақ қоғамындағы мүліктік және әлеуметтік айырмашылықтар. Мүліктік қатынастар.	
13	XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының жағдайы. Қазақ саяси	XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарлардың Қазақстан жеріне басып кіруі. Қазақ халқының XVII - XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары». Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрестері: Бұланты, Аңырақай шайқастары. Жоңғар шапқыншылығын жеңіспен аяқтаудың тарихи маңызы.	2
14	Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Реформалар.	XIX ғ. I жартысындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары. 1882 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы». Хандық биліктің жойылуы. Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары.	3
15	XIX ғасырдың II ж. Ресейдің Қазақстандағы әкімшілік реформалары.	1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелер». 1886, 1891 жылдардағы «Басқару туралы Ережелер». Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты және реформалардың салдары-әкімшілік аймақты басқарудағы жергілікті биліктің әлсіреуі. Генерал-губернаторлықтар.	2
16	XVIII ғасырдағы ұлт-азаттық көтеріліс С.Датұлы көтерілісі. (1783-1797 жж.)	С. Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1783-1797 ж). Игельстром реформасы. С. Датұлы -көрнекті қайраткер, көтеріліс басшысы. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, кезеңдері және оқиғалары, жеңілу себебі және қорытындылары. Тарихи маңызы.	2
17	XIX ғ. I жарт. ұлт - азаттық қозғалыстар И. Тайманұлы және М. Өтемісұлы бастаған көтеріліс (1836-1838 жж.)	Кіші жүзде Жоламан Тіленшіұлы жетекшілігімен болған қозғалыс. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, қорытындылары. Бөкей Ордасында И. Тайманұлы мен М.Өтемісұлы басшылығымен болған көтеріліс (1836-1838 ж). Тастөбе, Ақбұлақ шайқастары. Көтерілістің себептері және әлеуметтік негізі, көтерілістің басталуы, кезеңдері және барысы, көтерілістің жеңілу себептері, тарихи маңызы.	2
18	XIX ғ. К. Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. (1837-1847 жж.)	К. Қасымұлының басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847 жж.) Ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттары және себептері. Кенесары хандығы. Көтерілістің негізгі оқиғалары, патша өкіметінің көтерілісті басып-жаншуға жасаған әрекеттері, азаттық жолындағы қозғалыстың жеңілу себептері.	2
	№1 Аралық бақылау.	Теориялық сабақтардың 1-18 тақырыптары. Жазбаша түрде бақылау жұмысы.	1

3.10. Әдебиеттер тізімі:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-57
Силлабус		16 беттің 8 беті

19	XIX ғ. соңындағы ұлт-азаттық қозғалыстар. Ж. Нұрмұхамедұлы басқарған көтерілісі.	Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазақтарының көтерілісі. 1867-1868 жылдардағы Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер. 1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.	2
20	1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс.	1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері, көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері. Көтерілістің көрнекті басшылары - Әбдіғарфар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов, Кейкі Көкімбайұлы және т.б. Көтерілістің барысы, оның негізгі ошақтары. Көтерілістің жеңілу себептері, зардаптары.	3
21	1917 жылғы төңкерістер. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы. Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері.	Ақпан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Қос өкімет. Қазан төңкерісі. Кеңес өкіметінің орнауы. «Ақ және қызыл террор». Саяси партиялардың қалыптасуы және қызметтері. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар. «Үш жүз», «Ислам жолындағы кеңес» (Шуро-и-Ислам). «Алаш» партиялары және олардың қызметі.	2
22	Ұлттық автономиялардың құрылуы.	Алаш үкіметінің құрылуы. «Алаш» автономиясы және «Алашорда Халық кеңесі». Алашорда үкіметі. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобының саяси қызметі және ұлттық демократиялық қозғалыстар. Саяси тұлғалар - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай. Қазақ баспасөзі.	3
23	Азамат соғысы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы экономикалық саясаты. Қазақ АКСР-нің құрылуы.	Шетелдік интервенция және азамат соғысы. Қазақ өлкесіндегі майдандар. «Әскери коммунизм» саясаты. Кеңес үкіметінің күш көрсету шаралары (азық-түлік салғырты, еңбек міндеткерлігі, азық-түлікті реквизициялау т.б.) Жер мен өнеркәсіп кәсіпорындарын мемлекеттік меншікке алу, «әскери коммунизм» саясатының экономикалық салдары.	2
24	Қазақстандағы индустрияландыру бағыты.	Түркісіб темір жол магистралы. Қазақстандағы индустрияландыруды жүзеге асырудағы туындаған қиындақтар, жетістіктер. Қазақстан жұмысшы тобының қалыптасуы, өнеркәсіп саласының озаттары мен жаңашылдары.	3
25	Ауыл шаруашылығын құрудың Сталиндік - Голощекиндік үлгісі. Ұжымдастырудың әлеуметтік -	Ұжымдастыру. Қазақстандағы ауылшаруашылығын құрудың Голощекиндік үлгісі. Көшпелі қазақтарды күштеп отырықшыландыру (седентаризация). Ф.И.Голощекин және «Кіші Қазан». Қазақ зиялы қауымының «Кіші қазан» саясатына қарсы күресі.	2

3.10.1. Негізгі әдебиеттер:

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-57
Силлабус		16 беттің 9 беті

	экономикалық зардаптары.		
26	XX ғасырдың I-жарт. саяси қуғын-сүргін. Қазақстанға халықтарды депортациялау.	1920-1930 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін. Оппозицияны қырып-жою. 1937-1938 жж. жаппай қуғын - сүргін. ГУЛАГ жүйесіндегі Қазақстан аумағындағы «еңбекпен түзеу» лагерлері (Степлаг, Карлаг, АЛЖИР және т.б.)	3
27	XX ғасырдың ортасындағы зиялы қауым өкілдерін қудалау.	1940 - 1950 жылдардағы ұлттық зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін. «Хрущев кезеңіндегі» және тоқырау жылдарындағы ғылым және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін қудалау. Е. Бекмаханов, Қ.Сәтбаев т.б. 1975 ж. «АЗИЯ» О. Сүлейменов.	2
28	Қазақстан майдан арсеналы.	Экономиканың әскери жағдайға өтуі. Өнеркәсіп орындарының Қазақстан аумағына көшірілуі. Соғыс жылдарындағы құрылыстар. Женіс қоры. Соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету шаралары.	3
29	Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы майданында.	Ерлік көрсетуші дивизиялар. Б. Момышұлының сұрапыл жылдар туралы естеліктері. Қазақстандықтар - Совет Одағының қаһарман батырлары. Қазақстандықтардың ұлы Жеңіске қосқан үлестері. Қазақтардың партизан қозғалыстарына қатысуы. Соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт құрылысқа көшу.	2
30	1950 жылдардағы Республикадағы қоғамдық саяси өмір.	Республикадағы қоғамдық – саяси өмір «Жылымық» жылдары. Н. Хрущевтің аграрлық саясаттағы «жаңа бағыты» және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (1954-1956 ж.) Тың игерудің экономикалық, экологиялық салдары. Индустриялық даму. Тың жерлерді игерудің Қазақстандағы демографиялық жағдайға әсері. Байқоңыр ғарыш аймағы.	3
31	Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.	60-шы жылдардағы шаруашылық реформалары және олардың тағдыры. Д.А. Қонаевтың қызметі. 1960 -1980 ж. арасындағы өнеркәсіптің дамуы. Жоспарлы экономиканың зардаптары. Арал қасіреті.	2
32	Қазақстан түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.	М.С. Горбачев саясатының ұрандары. Алматыдағы 1986 ж. Желтоқсан көтерілісі және оның себептері, зардаптары, тарихи маңызы. Желтоқсан көтерілісінің батырлары (Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқалар). «Невада-Семей» қозғалысы. 1989 жылғы маусымдағы Жаңаөзен қаласындағы наразылық.	3

1. Абдурахманов Н. А. Современная история Казахстана : учебное пособие / Н. А. Абдурахманов. - 2-е изд. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 346 бет с

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 10 беті

33	Экономиканы тұрақтандыру. (1998-2001 жж.)	Нарықтық қатынастарға көшу - мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар, кәсіпкерліктің дамуы, шағын және орта бизнес. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы экономикалық дамудың қорытындылары (жетістіктер мен мәселелер).	2
34	Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы.	Әлемдік қаржы дағдарысы және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру шаралары. Дүниежүзілік дағдарыс оның Қазақстанға әсері. “Бизнестің жол картасы - 2020” бағдарламасының міндеттері жәнге бағыттары.	3
35	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы.	Қазақстан және әлемнің жетекші мемлекеттері, көпвекторлы сыртқы саясат. Қазақстан-дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі. Елбасының “Еуропаға жол” бағдарламасы.	2
36	Қазақстан Республикасы – дүниежүзілік беделді ұйымдардың мүшесі.	Әлемнің жетекші елдерімен стратегиялық одақтастықты орнату (РФ, ҚХР, АҚШ, ЕС). Шанхай бірлестігі. Халықаралық қауіпсіздік. Қазақстан - ядролық қарудан бас тартқан мемлекет. Қазіргі кездегі әлемдегі терроризм. Қазақстан – бүкіл әлемдік қоғамдастық төрағасы (ЕЫҚҰ), (ИКҰ). Біркелкі Кеден Одағына ену -Ресей, Белоруссия.	3
37	Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы.	Қазатардың тұңғыш дүниежүзілік бас қосуы. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайлары. “Нұрлы көш” мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақтардың өз атамекеніне оралу кезеңдері, проблемалары Н.Ә.Назарбаевтың съезде сөйлеген сөздері.	2
38	Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты.	2006 - 2010 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары. Жаңа экономикалық саяси бағыт “Нұрлы жол” - 30 дамыған ел қатарына кіру қадамы. Қазақ елінің Ұлттық идеясы –“Мәңгілік Ел”. Елбасының “Тәуелсіздік толғауы”. Қазақстан Ортаазиялық кеңістіктегі Еуропаланған модернизацияланған ел.	2
	№ 2 Аралық бақылау.	Теориялық сабақтардың 19-38 тақырыптары. Жазбаша түрде бақылау жұмысы.	1
39	Тәуелсіз Қазақстанның білімі, ғылымы және мәдениеті.	Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Тіл туралы” заңдарының қабылдануы. “Болашақ” мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы. Қазақстан Республикасындағы “Мәдени мұра 2004-2006” бағдарламасы.	1

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 11 беті

	Пән бойынша барлығы	96
--	---------------------	----

2. Жанысбеков М. А. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : оқу құралы / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркінбекова. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 321 бет

3. Әминов, Т. М. Қазіргі Қазақстан тарихы [Текст] : оқу құралы / Т. М. Әминов. - Алматы : "Бастау", 2017. - 472 бет

4. Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с.

5. Буланов Е. О. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы (XIII-XV ғғ.) : оқу құралы / Е. О. Буланов. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 208 бет.

6. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.1 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 316 бет. С

7. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.2 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 312 бет. С

8. Тлеужанова М. К. Қазақстан тарихы. Т.3 : оқу-әдістемелік кешені / М. К. Тлеужанова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 320 бет. С

9. Долгополов, А. Б. История Казахстана [Текст] : учеб. пособие / А. Б. Долгополов. - М. : "Литтерра", 2016. - 344 с.

10. Абдурахманов Н. А. Қазақстан тарихы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2014

3.10.2. Қосымша әдебиеттер:

1. Долгополов, А. Б. Избранные лекции по истории Казахстана: учеб. пособие / - Алматы : Эверо, 2016. - 192 с

2. Даркенов Қ. Ғ. Алаш зиялыларының тағдыры : монография / Қ. Ғ. Даркенов. - Алматы : Эпиграф, 2023. - 216 бет.

3. Джагфаров Н. Р. Великая Отечественная война: современный взгляд, объективная оценка событий : монография / Н. Р. Джагфаров ; ред. М. М. Кирьян. - Алматы

4. Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары : монография / Н. Дүйсенова, А. Ж. Садуақасова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 172 бет.

5. Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы (1920-1950 ж.ж.) : оқу құралы / Н. Дүйсенова. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 136 бет.

6. Дүкенбаева З. О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941) : монография / З. О. Дүкенбаева. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 228 бет.

7. Дүкенбаева З. О. Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы : монография / З. О. Дүкенбаева, М. О. Талғатбек. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 404 бет.

8. Репина Л. П. Тарихи білім тарихы = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сенгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е. Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с

9. Джорданова Л. Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері = History in Practice : оқулық / Л. Джорданова ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Ә. Тілеужанқызы. - 3-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 376 б. с

10. Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 1-т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 316 бет. С

11. Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 2 т. : оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 312 бет. с.

12. Тлеужанова, М. К. Қазақстан тарихы. 3 т.: оқу-әдістемелік кешені / - Алматы : Эверо, 2016. - 320 бет.

3.10.3. Электронды басылымдар:

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	Силлабус	044-73/11-57 16 беттің 12 беті

1. Тургараева Г.М. История Казахстана. Учебник: курс лекций / Г.М. Тургараева. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. - 440 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/458/
2. Г.Х., Халидуллин, С.К., Игибаев, А.С., Жанбосинова История Казахстана. Учебно-методическое пособие. Алматы: Эверо, 2020. – 300 с https://elib.kz/ru/search/read_book/490/
3. Баймагамбетов С.З. История культуры Казахстана в XX –нач. XXI веков. Алматы: Эверо, 2020. – 152 с https://elib.kz/ru/search/read_book/65/
4. История Казахстана [Электронный ресурс] : учебное пособие / А. Б. Долгополов. - Электрон. текстовые дан. (273Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 343 с. <https://aknurpress.kz/>
- История Казахстана. Берденова К.А., Турысжанова Р.К., Попова Т.М. , 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1781>
5. Қазақ елі тарихы. Примбетова Е.У., 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1787>
6. Қазақстан тарихы сабағында жаңа технологияларды пайдалану жолдары. Қазақбаева Ж.Р., 2015 <https://aknurpress.kz/reader/web/1129>
7. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Ш.К. Ахметова, К.А. Досекеева, Н.С. Бейсембаева, К.Б. Ахатаева, А.С. Алдекен . - Алматы: АТУ, 2018. - 176б. <http://rmebrk.kz/book/1167798>
8. Сармурзина, Г.А. и др. Современная история Казахстана : Учебное пособие. / Г.А. Сармурзина, К.К. Чатыбекова, Г.А. Давлетова. - Алматы: КазННТУ, 2016. - 123 с. <http://rmebrk.kz/book/1159039>
9. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. / Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. - Ақтөбе: Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 343 б <http://rmebrk.kz/book/1171774>
10. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы : Оқу құралы. . - Алматы: Отан, 2015. - 124 б. <http://rmebrk.kz/>
11. Артықбаев, Жамбыл Қазақстан тарихы [Мәтін] : ғылыми-танымдық басылым / Ж. Артықбаев. - 2-бас., өнд. - Алматы : Атамұра, 2013. - 551, [1] б. - ISBN 978-601-282-846-7 : 3230.00 тг. <https://elib.kaznu.kz/book/1983>
12. Аяған, Бүркітбай Ғелманұлы Қазіргі Қазақстан тарихы [Мәтін] : ЖОО тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арн. оқулық / Б. Ғ. Аяған; ҚР Білім және ғылым м-ті, Мем. І тарихы ин-ты. - Алматы : Раритет, 2011. - 448 б. - ISBN 978-601-250-075-2 : 1500.00 тг. <https://elib.kaznu.kz/book/3022>
13. Бегалиева, Айша Кәріпжанқызы Қазақстан тарихы [Мәтін] : оқу құралы / А. К. Бегалиева ; ред. К. Мухадиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. - 339, [1] б. - ISBN 978-601-04-1859-2 : 210.01 тг. <https://elib.kaznu.kz/book/2720>
14. Жакупова, Гульназия Толгаевна Методика преподавания истории [Текст] : курс лекций / Г. Т. Жакупова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 232, <https://elib.kaznu.kz/book/13190>

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Ағымдық бақылау: тест, ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тест, жазбаша түрде бақылау жұмысы 9 және 19 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: тест

-Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979- MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	Силлабус	044-73/11-57 16 беттің 13 беті

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ балы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Тест бойынша алынған емтихан бағасы Платонус ААЖ-ға қойылады.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4.00	95-100%	Өте жақсы
A-	3.67	90-94%	
B+	3.33	85-89%	Жақсы
B	3.00	80-84%	
B-	2.67	75-79%	
C+	2.33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2.00	65-69%	
C-	1.67	60-64%	
D+	1.33	55-59%	
D	1.00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0.00	0-49%	

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны	Алынған білімді қолданбағаны үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 14 беті

	тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.		үшін бағаланады	және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, ал айда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
БҚ 3.1	жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады				

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша, тест	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 90-100% береді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 15 беті

	B- (2,67; 75-79%)	жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-89% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

Емтиханды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Ауызша/жазбаша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-57
Силлабус	16 беттің 16 беті

	Қанағаттанарлы қсыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.
--	--	--